**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03 - 08.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Жоба "Әсем гүлдер". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер: балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Таза су". Мақсат-міндеттер: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету. | **"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау.<br>1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою.<br>1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау.<br>1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою.<br>Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | "Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Мектепке дейінгі** | **1.Қазақ тілі** | **1.Сөйлеуді дамыту** | **1.Сурет салу** | **1.Қоршаған ортамен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Тамшыларды Қалай санаймыз?**<br>**МАҚСАТЫ**<br><br>Балалардың заттар тобын салыстыру, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын бекіту; 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br><br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларды екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды, теңдік және теңсіздікті екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы дағдыландыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету; дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеуге машықтандыру; «саны қанша, сонша ...», «саны тең», «бірге үстемелеу», «бірге кему», «тура», «кері санау» ұғымдарын жетілдіру; заттардың санын көріп, сол санға сай | **Тақырыбы:Жеті ата туралы тақпақты мәнерлеп оқу**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды жеті ата туралы тақпақпен таныстыру, «жеті ата шежіресі» ұғымын түсіндіру; туыстық жөнінде түсініктер аясын кеңейту; сөйлеудің монолог және диалог мысалдарын көрсету; Наурыз мейрамы туралы білімдерді пысықтау. Балаларға жеті ата шежіресі туралы тақпақты тыңдап, мағынасын түсінуді үйрету; туыстық атауларды жаттау; тақпақ мазмұны бойынша сұрақ-жауап барысында диалог сөйлеу дағдыларын жетілдіру; монолог сөйлеуді үлгі бойынша құрастыруға жаттықтыру; құлақпен есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Балаларды қазақ халқының дәстүрлері мен ауыз әдебиеті үлгілеріне қызықтыру, Наурыз мейрамын қуанышпен қарсы алуға, топта ұйымшылдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік | **Тақырыбы:Торғай ұшып келді**<br>ақсаты<br>Балаларға ұшып жүрген құстардың бейнелерін салу техникасын үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып алып, қанаттары мен тұмсығы сияқты элементтерімен толықтыру білігін арттыру; құстардың сұлбаларын суреттің шеттеріне шығармай, қылқалам арқылы бояу техникасын жетілдіру; зейінін, көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту; көктем мезгіліне тән құбылыстарын байқауға тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «жылғалардан су ақты» сөз тіркесін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, ритмикалық жаттығу, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, артикуляциялық | **таныстыру**<br>**Тақырыбы:Аспанға саяхат**<br>мақсаты<br>Балаларға Астана қаласының әсем ғимараттарын таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету; Астана қаласының басқа қалалардан ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту; еліміздің бас қаласын құрмет тұту сезімін тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>«Ақорда», «Президент резиденциясы», «Бәйтерек», «Думан» ойын-сауық орталығы, «Мұхитарал», «Пирамида»,« Хан шатыр», «ЭКСПО-2017» сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Сәлемдесу, ой қозғау, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, пысықтау, өзін-өзі бағалау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, ұшақтың пішіні, Астана қаласының суреттері, шарлар, қала туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер, Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыс шығару тәсілін орындауға жаттықтыру; санап, салыстырудағы сәйкестеу нәтижесін сөзбен жеткізу амалдарын игерту; көктем мезгіліне тән құбылыстар жөнінде білім аясын кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын, зейін, түйсік, құлақпен және көзбен қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарын бақылауға қызығушылықтарын арттыру, зеректікке, сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «бәйшешек», «екі үштен бірге кем», «үш екіден артық», «дыбыстар саны қанша, сонша ...», «санын үстемеледім», «санын кеміттім», «сандарын тең еттім» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, суретті көрсету, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс- | қорына: жеті ата шежіресі, арғы ата, баба, тек ата, түп ата, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат сөздері мен сөз тіркестерін қосу. «Ағадан – ақыл, атадан – нақыл» мақалын айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиоджазбаны тыңдау, суреттер сериясын көрсету, суреттер мазмұны бойынша әңгімелесу, миға шабуыл сөздік жаттығуы, тірек сызба суретімен сөздік жұмыс, жаңылтпаш айту, сөздік қимылды жаттығу, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақты топтар арасында тірек сызба негізінде мәнерлеп айту жарысы, сергіту сәті, мақал жаттау, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыа рқа» күйі.<br>«Қара жорға» халық биінің әуенжазбасы.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш немесе интербелсенді тақта. | жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Жылғалардан аққан судың, құстардың дыбыстарының жазбасы.<br>Судың сарқырап аққаны туралы әуенжазбасы.<br>Бірнеше торғайдың суреті.<br>Қағаз бетіне қарындашпен салынған торғайдың суреті.<br>Көгілдір түске боялған қағаздың беті, түрлі-түсті қарындаштар.<br>Торғайдың суретін салу кезеңдері:<br>- доғалы сызық;<br>- доғалы сызықтың басында дөңгелек;<br>- доғалы сызықтың бойындағы дөңгелек пен сопақша;<br>- доғалы сызықтың бойындағы дөңгелек, сопақша мен үшбұрыш;<br>- құстың денесіне қанаттары қосылып салынған;<br>- құстың тұмсығы, көздері, мен аяқтары.<br>- құстың денесі | **2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Досболайық көбелек**<br>мақсаты<br>Балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; көбелектер жайлы білімдерін толықтыру; қағаздың бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «көбелек», «есептеу таяқшалары», «денесі», «қанаттары», «мұртшасы», «оң жақ», «тігінен», «көлденең», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Шатырдан тамшылардың аққанын білдіретін ырғағы мен жылдамдығы әртүрлі дыбыстар.<br>Қардың астынан шыққан бәйшешектің өсіп тұрғаны көрсетіледі.<br>Бірыңғай ырғақта, темпі баяу дыбыстаған тамшылардың аудиожазбалары.<br>Математикалық екі жолақты панно.<br>Көрсеткіш.<br>Көрнекілік кескіндері: бәйшешек гүлдері мен тамшылар (сандары бестен).<br>Екі дана 1-5 дейінгі сандар жинақтары.<br>Сызбалы суреттер:<br>- жоғарғы және төменгі жолақтарда сандары екі-екіден тамшылар мен бәйшешектер, соңғы торкөзде екі саны жазылған;<br>- жоғарыда үш тамшы, төменде екі бәйшешек, соңғы торкөзде үш және екі сандары жазылған;<br>- жоғарыда үш тамшы, төменде төрт бәйшешек, соңғы торкөзде үш және төрт сандары жазылған;<br>- жоғарғы және төменгі | Наурыз мейрамы туралы суреттер сериясы.<br>Жеті ата шежіресінің көрнекілік сызбалы суреті.<br>Бірден жетіге дейін реттік сандарының көрнекілік суреттері. Екі дана жинағы.<br>Жеті тақия.<br>Топтық жұмысқа жеті түрлі карточка;<br>әр карточкада жеті санының бірі және шежіредегі адамның суреті салынған.<br>Мақал айтуды сүйемелдеуге арналған қос суреттер: бәйтерек пен жапырақ, аға мен ата, орман мен батырдың суреттері, батырдың қару-жарақтары.<br>2. **Дене шынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | толық боялған сурет.<br>Торғайлардың бұтаға ұшып келіп отырғаны туралы бейнежазба.<br>Темпі баяу әуенжазбасы.<br>**Мүсіндеу**<br>3. **Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Көбелектің суреттері, шыны ыдыстағы көбелектер, көбелектерге арналған алаңқай, «Дос болайық, көбелек!» дайын үлгісі, дидактикалық ойын материалы, есептеу таяқшалары, қағаз.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолақтарда сандары үш-үштен тамшылар және бәйшешектер, соңғы торкөзде үш саны жазылған;<br>- жоғарғы және төменгі жолақтарда сандары төрт-төрттен тамшылар және бәйшешектер, соңғы торкөзде төрт саны жазылған;<br>- жоғарғы және төменгі жолақтарда сандары бес-бестен тамшылар және бәйшешектер, соңғы торкөзде бес саны жазылған.<br>Көрнекіліктерді орналастыруға панно.<br>№22<br>«Толқындар» әуенжазбасы.<br>Ксилофон аспабы.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілік сурет-сызбалары:<br>- бір-бірінен алшақ орналасқан екі тамшы;<br>- бір-біріне жақын орналасқан екі тамшы;<br>- біреуі алшақ, екеуі жақын орналасқан үш тамшы;<br>- екеуі жақын, біреуі алшақ орналасқан үш тамшы;<br>- бір-бірінен бірыңғай алшақ орналасқан төрт тамшы;<br>- екеуі жақын, белгілі қашықтықта екеуі жақын орналасқан, жиыны төрт | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамшы;<br>- біреуі алшақ, бір-бірінен белгілі қашықтықта тұрған екі тамшы, тағы біреуі алшақ орналасқан, жиыны төрт тамшы.<br>Көрнекілік сурет-сызбалары: үй, бәйшешек, шырша. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№1**<br>**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді,<br>Жер бетіне жеткен соң,<br>Ғайып болып кетеді.<br>(Бұршақты жаңбыр)<br>Тақпақ.<br>«Жаз келеді».<br>Үйін тіккен жасылдан,<br>Үсті-басы асыл дән.<br>Жаз келеді жайраңдап,<br>Жарық жүзі-сайран бақ<br>**Бақылау.** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету ( күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер | **№2**<br>**Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Еңбек сүйсең, жасыңнан,<br>Бақыттысың, жас ұлан –<br>Дейді атам ылғи да,<br>Сипап менің басымнан.<br>**Бақылау.** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру.<br>**Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір».** | **№3**<br>**Тамшыны бақылау. (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Мұрны жоқ шымшық,<br>Мұз тесер.(Тамшы)<br>Бақылау.<br>Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатиын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру.<br>**Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру)**<br>Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру. | **№4**<br>**Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ көйлекті, көк желек,<br>Орманда орны бір бөлек.<br>Әннің аты деседі,<br>Сызды жерде өседі.<br>(Қайың)<br>**Бақылау.** Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діндерін салыстыру. Ағашты қастерлеуге, күте білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді».** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру.<br>**Қимылды ойын: «Құлыншақтар». (дене шынықтыру)**<br>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Еңбек.** Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.<br>**Еңбек:** Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. **(дене шынықтыру)** | **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)**<br>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>«Көпіршік сабын буларды үрлеу». **(дене шынықтыру)**<br>Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу. | **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** «Ағаштың жан-жағын қопсыту». **(еңбек дағдылары)**<br>Берілген жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Тәрбиешіге көмек беруге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асырту. | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Түскі ұйқы</td><td colspan="5">«Батпан құйрық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</td><td>Ертегі елі<br>«Бұлбұл мен тоқылдақ»</td><td>Желі рөлді ойын<br>«Театр»</td><td>Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша</td><td>Би үйрегнеміз<br>Педагогтің жоспары бойынша</td><td>Қауіпсіздік<br>«Жола абайла!»</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс</td><td>Бекболат Санжар<br>"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру.<br>Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.</td><td>Ержанұлы Алинұр<br>Саусақ жаттығулары<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>(шеңбер құрады)<br>Уықтары шаншылар.<br>(қолдарын жоғары созады)<br>Керегелер керіліп,<br>(қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды)<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып</td><td>Талғат Адина<br>«Мозаика».<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы.</td><td>Кенжебол Әмірхан<br>Дидактикалық ойын.<br>"Ғажайып нүктелер".<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.<br>(сурет салу)</td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(көркем әдебиет)** | (шеңбер бойымен айналады)<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.<br>**(математика негіздері)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №1 | №2 | №3 | №4 | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асыр салып ойнасын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге** | Ата-аналарға арналған 6 | Жоба "Әсем гүлдер". | Ата-аналарға тапсырма беру, | Психолог кеңесі. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | кеңес. | | жақсы демалуға тілек білдіру. | "Бала тілін қалай дамытамыз?" | |

Тексерген ________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - .03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру.** Суреттер бойынша әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | **Дидактикалық ойын "Сандықтағы қазына".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: сандықтағы тапсырмаларды орындау. **(танымдық дағдылар)** | **"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Ұлттық ойын. Бес тас** «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап | **"Өрнек құрастыр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: эстетикалық талғамдарын, қағаз бетінде бағдарлауын дамыту. **(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(математика негіздері)** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде<br>1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді;<br>2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде<br>3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді;<br>3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа).<br>4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | «Салт-дәстүрлер» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Фольклор туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Қазақ тілі**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Алдаркөсенің мерекелік сыйлары<br>**МАҚСАТЫ**:Балалардың 5-ке дейін реттік санау дағдыларын, геометриялық | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Дастаханты жаяйық. Дидактикалық ойыны<br>МАҚСАТЫ:Балаларға қонақты қарсы алу, дастарқан жаю дәстүрі туралы түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамымен таныстыру, дәстүрлі ұлттық тағам | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Кебежені безендіру<br>Мақсаты:Балаларға кебеженің сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруді үйрету; тіктөртбұрыштың ортасына «тышқан ізі», бұрыштарына «балтаны», шеттеріне «ботагөзді» | 1.**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Ән алып құс келді**<br>Мақсаты:Балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін | 1. **Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: Мен дәріген боламын<br>МАҚСАТЫ: Балаларды «Мен дәрігер боламын» өлеңімен таныстыру, оларды көркем шығармашылыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фигуралар мен денелердің айырмашылығы туралы түсініктерін дамыту.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларды бес көлеміндегі геометриялық пішіндерді тура және кері санауға жаттықтыру; сілтеуішпен нұсқап санап, жиын санын асық эквивалентімен және санмен сәйкестеу туралы ұғымдарын жетілдіру; геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге, олардың негізгі қасиетін анықтауға үйрету; ойын барысында өзіне қарай кеңістіктегі оң, сол, алдыңғы, артқы жақтарын ажыратуды жаттықтыру; Наурыз мерекесі жайындағы түсініктерді тиянақтау. Қолдың ұсақ моторикасын, зейін, қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды үлкен адамға, қонаққа құрмет көрсетуге, тәртіптілікке, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа, тәрбиелеу. | атауларын, олардың жасалу негіздері жөнінде білімдерін тиянақтау; Наурыз мейрамына байланысты салт-дәстүрлер туралы түсініктерді қалыптастыру; дидактикалық ойындар арқылы өзара еркін қарым-қатынас орнату дағдыларын жетілдіру; дастарқан жаю дәстүрін еске сақтап, байланыстыра сөйлеу арқылы сүйемелдеуге машықтау; ойлау, қатынастық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Наурыз мерекесі аясындағы дәстүрлер мен ойындарға сүйіспеншілігін арттыру; дұрыс тамақтану тәртібіне, достыққа, қонақжайлыққа тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: наурызкөже, сүт өнімдері, ұн өнімдері, тәттілер сөздерін қосу. Әртүрлі жармалар мен ұлттық тағамдардың атауын білдіретін сөздер мен | салып орналастыру техникасын қалыптастыру; қағаз бетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «кебеже», «ит құйрығы», «ботагөз» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, затты зерттеу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия, бақылау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Киіз үйдің суреті. Киіз үйдің ішкі көрінісі. Қазақтың төл жиһаздарының суреттері. Кебеженің суреті. «Ит | ажыратып, атай білуге үйрету; көктем жаршысы - құстар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың құстарды бақылап отырып, олардың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және құстарды аялай білу сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Көктем жаршысы - құстар", "ән салып, құс келді", "ұя салады", "жұмыртқа", "басады", "көңілді", "ән салады", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан құстардың көктемгі тіршілігінен суреттер көрсету, пысықтау, "Жыл құстарын топта" дидактикалық ойыны | баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуға жаттықтыру; мамандық туралы қысқаша түсінік бере отырып, дәрігердің қызметі туралы ұғымдарын кеңейту. Өлең мазмұны арқылы балалардың тілі мен зейінін, шығармашылығы мен еске сақтау қабілетін, дербестігін дамыту. Балалардың өлеңге қызығушылықтарын арттыру; әдептілікке, үлкеннің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!», «ақ халатты киемін», «кәрі әжемді емдеймін», «кәрілікті жең деймін» сөздерін айтқызып, балалардың тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан балаларға арналған бейнебаян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «барлығы, жиыны», «қанша пішін бар, сонша асық салдым», «геометриялық дене», «жазық емес», «көлемді», «оң жаққа», «сол жаққа», «алға», «артқа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстелде зерттеу жаттығуы,<br>азқимылды дамытушы ойыны, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Біреудің келгененін білдіретін әуенжазбасы.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Әртүрлі геометриялық | фразаларды айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, суреттің мазмұны бойынша сөздік жұмыс, суретті карточкалар арқылы тақпақ мазмұнын құру сөздік жұмысы, сергіту сәті, дидактикалық ойын, іс-тәжірибе негізіндегі сөздік жұмыс, мақал жаттау, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>«Пиала» атты қазақтың халық күйінің аудиожазбасы қосылады. Суреттер, интербелсенді тақтадан мерекелік дастарқанның суретін көрсету.<br>Сөздік жұмысқа қажетті әртүрлі тағамдардың суреттері: нансалғышта нан, табақта бауырсақ, шелпек, тоқаштар, тандырнан, қазанға түсіп жатқан кеспе, ет табағында жатқан қамыр, сүтқұйғышта сүт, тостағанда айран, ірімшік, майсалғышта май, құмырадағы қымыз, | құйрығы», «қаңқа», «ботагөз» оюларымен безендірілген кебеже сұлбасының үлгісі. Оюы жоқ кебеженің сұлбасы. Акварельді бояулар қорабы, қылқалам, төсініш, тіреуше, ыдыста су, сүлгі. Қазақ оюларының үлгілері: «ит құйрығы», «ботагөз», «қаңқа». Кебежені безендіру кезеңдері:<br>- «ит құйрығы» оюын есіктердің орталарына салу;<br>- «ботагөз» оюын есіктің бұрыштарына салу;<br>- «қаңқа» оюын есіктердің шетттеріне салу.<br>Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. Қазақтың бірнеше салт-дәстүрінің суреттері: бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу.<br>**2.ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Төсеніштер, ақ қағаз беттері, акварельді бояулар, қылқаламдар, тіреушелер, ыдыстарға құйылған су.<br>**Мүсіндеу**<br>**2. Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, жыл құстары туралы қысқаша бейнебаян, жыл құстары туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; жыл құстарын топтауға арналған суреттер, жыл құстары бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Дос болайық көбелекпен<br>мақсаты<br>Балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; көбелектер жайлы білімдерін толықтыру; қағаздың бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; | көрсету, өлеңді мәнерлеп оқу, өлеңнің сөздерін қайталау және жаттау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, балалар туралы бейнебаян; балабақша дәрігері, дәрумендер; дәрігердің құралдары, балаларға арналған дәрігер киімі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндермен жамалған шапан киген Алдар көсенің суреті.<br>Алдар көсенің геометриялық пішінді жамауларға толған шапанының үлгісі.<br>Көрсеткіштерге панно.<br>Құрамында бірнеше пішіндер бар пішіндердің көрнекілік сызбалы суреттері.<br>Тапсырманың бірінші деңгейі.<br>Шаршыда екі үшбұрыш.<br>Тіктөртбұрышта үш шаршы.<br>Үшбұрышта екі үшбұрыш.<br>Шаршыда үш тіктөртбұрыш.<br>Шаршыда төрт үшбұрыш.<br>Тіктөртбұрышта екі шаршы.<br>Тіктөртбұрышта төрт үшбұрыш.<br>Тапсырманың екінші деңгейі.<br>Дөңгелекте ұшбұрыш.<br>Үшбұрышта бір шаршы, үш үшбұрыш.<br>Шаршыда үш үшбұрыш, бір шаршы.<br>Сопақшада бір шаршы мен бір дөңгелек (екі жарты дөңгелек қосылған). | торсықта шұбат, самауырын мен шәйнек, бал, шекер, халуа (халва), чак-чак, ыдыста ұсақ бауырсақ.<br>«Көңілді балалар» атта әуенжазба.<br>Ыдыс түрлері: нансалғыш, қантсалғыш, кесе, шұңғыл табақша, табақ, табақша, қазан.<br>Ыдыстарда жарма түрлері: күріш, тары, бидай, жүгері, қарақұмық, сұлы, бұршақ. Сүр ет пісіп жатқан<br>қазан. Әр ыдыстың реттік саны болады,<br>жарма қоспаларын қосатын қазан.<br>Сүлгі, үлкен қасық.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Бала<br>санына қарай сүлгілер, көже ішетін шұңғыл ыдыстар, қасықтар.<br>Күріш, тары, бидай, жүгері, қарақұмық, сұлы, бұршақ жармалары салынған алты кеседен бірнеше жинақ. Сүр ет пісіп жатқан қазан.<br>2. **Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | сөйлеу тілін «көбелек», «есептеу таяқшалары», «денесі», «қанаттары», «мұртшасы», «оң жақ», «тігінен», «көлденең», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Жабыстыру**<br>3. **Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ырғақты, темпі орташа №39 «Билейміз айнала» әуенжазбасы. Зерттеуге көрнекілік заттар: дауылпаз, конус денелі бас киім, текше денелі сандық, табақшада үлкен дөңгелек бауырсақтар; мата кескіні. Асықтар. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№5**<br>**Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ, жетеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Жел)<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. | **№6**<br>**Қарды, қар түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>Өлең.<br>Көктен тартып күн нұрын,<br>Жерден тартып жылылық.<br>Әнін тыңдап бұлбұлдың,<br>Қызғалдақтар тұр күліп.<br>**Бақылау.** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң | **№7**<br>**Қар суын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жатты да жатты,<br>Жылғаға жаратты.<br>(Қардың еруі)<br>**Бақылау.**<br>Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына | **№8**<br>**Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен.<br>Жырадан өткен. (су)<br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>**Қимылды ойын:** | **№9**<br>**Күннің шұғыласын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен дүрлер шашылды<br>(Күнннің көзі)<br>**Бақылау.**<br>Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.<br>**Қимылды ойын. «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)** Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. **Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек дағдылары)** Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. | бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал». (дене шынықтыру)** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Еңбек.** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Спорт алаңындағы ойындар. **(дене шынықтыру)** Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету. | қызығушылығын арттыру. **Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру)** Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар.** Қар бетіне сурет салу. **(сурет салу)** Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау. | **«Қармақ». (дене шынықтыру)** Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. **Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)** Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. | Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Еңбек.** Жолдарды қардан тазарту. **(еңбек дағдылары)** Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындау. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. **Өз бетімен ойындар.** Өз бетімен атрибуттар мен көмекші заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Ай мен Күн» ертегіін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>«Пойыз» ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ертегілер елі<br>«Арыстан мен тышқан» | Желі рөлді ойын<br>«Киім дүкені» | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша | Би үйренеміз<br>Педагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік<br>Жол болшық |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жұмагелді Ерасыл<br>қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Серік Шахнур<br>кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады: | Сапарбек Ернар<br>суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі: | Тұрсын Алдияр<br>ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады: | Роберт Эльвира<br>ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | алады, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды: |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №5 | №6 | №7 | №8 | №9 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*Салт-дәстүр. Наурыз көже*<br>Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, | | | | |

<table>
<tr>
<td>бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</td>
<td colspan="5">бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td>
</tr>
<tr>
<td>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</td>
<td>Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту».</td>
<td>Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.</td>
<td>Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет.</td>
<td>«Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба.</td>
<td>Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.</td>
</tr>
</table>

Тексерген_______________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 -22.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева_А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Кеңес. "Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға түрлі аспаптардың әуенін қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауға үйрету. | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде<br>1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады;<br>1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді;<br>2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде<br>3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді;<br>3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа).<br>4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер**<br>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.<br>Неткен сұлу көктем шақ!<br>Көгалда өскен бақбақ.<br>Сары түс мұнда көп екен,<br>Күннің көзі – нұр көктем.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады. | "Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (сөйлеуді дамыту) | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Қазақ тілі**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар<br>**МАҚСАТЫ:** Балалардың ұғымында заттардың қалыңдығы туралы білімдерін кеңейту; кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтай білуді жетілдіру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балалардың қалыңдығы, ені, ұзындығы бойынша салыстыра білу дағдыларын жетілдіру; тақтайшаларды бір-бірінің қасына тұстастырып қойып, бірінің үстіне бірін тізіп салып, саусақпен ұстап салыстырып, «ең қалың», «жұқалау», «ең жұқа» сөздерін қолдануға машықтандыру; кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауға көмектесу, асықты екі саусақпен ұстап, бірнеше қалыптарға түсіру техникасын қалыптастыру; асықпен ойындар туралы, қазақ халқының ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. Қолдың ұсақ моторикасын, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Ғарышқа саяхат. Тілдің дыбыстық мәдениеті «Қ», «ғ» дыбыстары.<br>Мақсаты: Балаларды қатаң [к] және ұяң [ғ] дауыссыз дыбыстарымен таныстыру; дауыссыз дыбыстардың қатаң және ұяң болуы туралы түсініктер беру; адамды ғарышқа ұшыру, ғарыш пен ғарыш көлігі туралы түсініктер жиынтығын қалыптастыру. Балаларға [к], [ғ] дауыссыз дыбыстарының артикуляциясын үйрету; [к], [ғ] дауыссыз дыбыстарының қатаң және ұяң болуына көңілдерін аудару; дауыссыз дыбыстарды буын және сөз құрамында дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; осы дыбыстардың сөздердің құрамындағы орнын табуды үйрету, құрамында [ғ] дыбысы бар сөздерді қарапайым мәтінде есту қабілетін арттыру; құлақпен есту зейіннін, фонематикалық есту, елестету, ойлау қабілеттерін жетілдіру, зейін мен қиялды дамыту. Балаларды байқағыштыққа, зияткерлікке тәрбиелеу, білімқұмарлыққа құштарлықты ояту.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Балалардың сөздік қорына: ғарыш, ғалым, ғарышкер, ғарыш кемесі, найзағайдай жарқ етіп, қылыштай, бұрыштай сөздерін айтқызу | **1.Суретсалу**<br>**Тақырыбы:** Ғарыштың түрлі планеталары<br>**Мақсаты:** Балаларға шардың бетіне бояу жағып, қағаз бетіне басып алу сияқты дәстүрлі емес сурет салу техникасын таныстыру; «градиент» ұғымын қалыптастыру; топтас достарымен біріге отырып, ғарыш ғаламын сюжеттік суретте көрсету білігін жетілдіру; балалардың ой-қиялын, түйсіктері мен эмоциялар әлемін дамыту, достық қарым-қатынастарды дамыту; тазалыққа, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «грандиент», «түстер араласты» сөздерін енгізу.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ой-қиял сәті, друдлды шешу жаттығуы, бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, түстерді зерттеу, тәжірибе-зерттеу жаттығуы, сурет салу амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздігінен сурет салу, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларда қазақ ұлттық ойындарына қызығушылықты ояту, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «ағаш өнімдері», «ұзындығын салыстырамын», «енін салыстырамын», «қалыңдығын салыстырамын», «беттестіремін», «тұстастырам ын», «ең қалынды ең қалыңына», «жұқалауын жұқалауына», «ең жұқаны ең жұқаға», «алшы», «тәйке», «шік», «бүк», «омпа», «шоңқа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, затты көрсету, көркемсөз, үстелде зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, азқимылды дамытушы ойын, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** | арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, артикуляциялық жаттығу, мнемокарточка негізінде жаңылтпаш айту сөздік жаттығуы, пантомима негізінде тақпақ жаттау жаттығуы, рефлексия, әңгіме оқу, зейінге жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Ғарыш туралы бейнеролик немесе сурет.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Дауыссыз [қ] дыбысының артикуляциясының сызбалы суреті.<br>Дауыссыз [ғ] дыбысы артикуляциясының сызбалы суреті.<br>Жаңылтпаштарға мнемокарточкалар тізбектері:<br>- құлақ пен сырға, аттың аяғына салынған таға;<br>- сағат пен көз, қолсағаттың ортасын нұсқап тұрған қолдың саусағы мен тиындар;<br>- зымыран мен ғарыш, ғалымдар, зымыран мен қылыш, жұлдыздарға толған ғарыш пен кішкентай зымыран.<br>Ғарыш атмосферасын білдіретін әртүрлі әуенжазбалар.<br>Зымыранның ұшқанын білдіретін аудиожазба.<br>**2.Дене шынықтыру** | жеке жұмыс, нұсқау беру, артикуляциялық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Ғарыш тақырыбына әуенжазбасы. Друдл сызбасының бірі, әртүрлі дөңгелектер. Ғарыштағы түрлі-түсті және көлемі түрлі планеталар туралы бейнежазба. Түрлі-түсті бояулар градиенттерінің бірнеше суреттері. Түрлі бояулардың палитра бетінде үйлесімді қосылғанының бірнеше үлгілері. Градиентті шарларды салу кезеңдері:<br>- орташа көлемге дейін үрленген шар;<br>- шардың бетіне бір-біріне үйлесімді бірнеше бояулардың жағылғаны;<br>- шар арқылы қағаз бетіне бастырылған градиент дағы;<br>- қағаз бетінде түрлі градиентті дөңгелектердің дақтары.<br>Темпі баяу, салмақты әуенжазбалары. Палитра, гуашь бояулары, қылқалам, ыдыста су, төсеніш, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Хатқалта.<br>Көрнекіліктерге панно, көрсеткіш.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Заттардың нақпішіндері немесе суреттері: кебеже, сандық, үстел.<br>Осы заттардың жеке суреттері.<br>Қалыңдығы әртүрлі, жұқа, қалыңдау, қалың, ұзындығы мен ені бірдей тақтайшалардың көрнекілік нақпішіндері.<br>Сызбалы суреттер:<br>1) тақтайшалар бірінің үстіне бірі беттестіріліп жатыр: ең қалың, жұқа;<br>2) тақтайшалар бірінен кейін бірі алдыдан артқа қарай тұстастырылып жатыр: ең жұқа, қалыңдау, ең қалың;<br>3) тақтайшалар бірінен кейін бірі солдан оңға қарай тұстастырылып<br>қырымен жатыр: ең жұқа, қалыңдау, ең қалың;<br>4) тақтайшалар бірінен кейін бірі алыдан артқа қарай беттестіріліп қырымен жатыр: ең жұқа, қалыңдау, ең қалың;<br>5) тақтайшалар бірінен кейін бірі солдан оңға<br>қарай тұстастырылып жатыр: ең жұқа, қалыңдау, ең қалың.<br>Ырғақты, темпі орташа, №43 | Педагогтің жоспары бойынша | тіреуше, орташа көлемге дейін үрленген шар, сүлгі.<br>Таза қағаз беті.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күн жарқырайды» әуенжазбасы.<br>Асықтар.<br>Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.<br>Көрнекілік сызбалы суреттері:<br>бүк – асықтың дөңес жағы жоғары қарап тұр.<br>шік – асықтың қуыс жағы жоғары қарап тұр.<br>омпы – асықтың ашасы жоғары қарап тұр.<br>шоңқа – асықтың омпыға қарсы жағымен жерге қарап түскен.<br>алшы – асықтың қырындағы ойығы үстіне қарап тұр.<br>тәйке – асықтың қарындағы тегіс жағы алшыға қарама-қарсы түскен. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **№13**<br>**Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; | **№14**<br>**Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. | **№15**<br>**Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Көк орманда көп ағаш,<br>Өскен жақсы аралас. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"**<br>Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.**<br>Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру<br>**Тәжірибе.**<br>Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады.<br>**Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету.<br>**Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Жақсы көретін ойыншықтармен | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | "Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті** | Ертегілер елі<br>«Жануарлар таласы» | Желі рөлді ойын<br>Суретші | Фудбол үйірмесі<br>Педагогтің жоспары бойынша | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бекболат Санжар<br>қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады: | Дархан Адина<br>бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастырады: | Жұмагелді Ерасыл<br>мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды: | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №10 | №11 | №12 | | |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>Ас ішудің мәдениетін<br>Сен есіңнен шығарма.<br>Арқаңды түзу ұста,<br>Жан-жағына қарама.<br>Асыңды ішіп, болған соң,<br>"Рақмет" айт аспазға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

<table>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</td><td colspan="5">Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</td><td>«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар</td><td>Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау.</td><td>«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізімін дайындау. | | ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | | |

Тексерген_______________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.03 - 29.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Өнер алды - қызыл тіл".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. | **"Қазақ ою-өрнектерінің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қазақтың ою-өрнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (тақия, етік, ыдыс, белдік, кілемше) бетіне дұрыс таңдап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру. | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Оюлы текемет".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, қошқар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және оң жағына оюды жапсыруға үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.<br>1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау.<br>1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау.<br>1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою.<br>1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде.<br>Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау).<br>1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету.<br>**(сөйлеуді дамыту және** | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және** | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **көркем әдебиет)** | **көркем әдебиет)** | **әдебиет)** | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Төрт түлік бойынша тақпақ жаттау<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларға төрт түлік мал туралы тақпақты таныстыру; қазақтың төрт түлік малы туралы ұғымдарды қалыптастыру; малды күту, малдың құты, қасиеті туралы баяндау; адамның көктем өзгерістеріне байланысты еңбегі туралы мағлұматтар беру. Балаларға қазақ халқында қалыптасқан төрт түлік малдың атауын еске сақтап, олар туралы тақпақты айтуға қызығушылықтарын арттыру, тақырып бойынша диалогтарға белсенді қатысу, толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру; құлақпен есту зейінін, еске сақтау, ойлау, қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға төрт түлік малды қастерлеуге тәрбиелеу, дұрыс, сыпайы сөйлеу мәдениетінің негіздерін салу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: төрт түлік мал, ойсыл қара, қамбар ата, шопан ата, зеңгі баба сөз тіркестерін қосу. Көгал, көк шөп, көк жайлау сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Құлыншақ шауып келеді<br>мақсаты<br>Балаларға шауып келе жатқан құлыншақтың бейнесін қылқаламмен салу амалдарына үйрету; құлыншақтың дене бөлшектерін салғанда дене пропорцияларын сақтауға талпындыру; құлыншақ бейнесін қағаздың ортасына, мөлшері кішентай қылмай салуға машықтау; құлыншақтың шапқылау динамикасына көңіл бөлу; көктемде үй жануарларын жайлауға шығару туралы білімдерін пысықтау; зеректікке, үй жануарларына қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Балалардың белсенді сөздік<br>қорына «құбылмалы», «желдей», «желбірейді» сөздерін енгізу.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Суретті көрсету, көркем сөз, бейнежазбаны көрсету, үлгіні зерттеу, тәжірибе-зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Таза су<br>мақсаты<br>Балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету; жылғалар туралы білімдерін кеңейту. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Суға танымдық-зерттеушілік бақылау жасауға қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және суды ластамауға, үнемдей білуге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>"Жылғалардан су ақты", "судың қасиеті", "ағады", "сылдыр-сылдыр", "мөлдір", "таза", "пайдалы", "Бәрекелді!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>Әдіс-тәсілдер | **1. Музыка**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Пойыз<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Пойыз» туралы өтірік өлеңмен таныстыру, өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлеңнің мазмұнына зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; балалардың пойызға қызығушылығын тудыру; адам және техниканың тығыз байланысы туралы білімдерін кеңейту. Өтірік өлеңдегі сөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту; өлең мазмұны бойынша зейіні мен қиялын, тілі мен еске сақтау қабілетін дамыту.<br>«Пойыз» туралы өтірік өлеңге қызығушылықтарын ояту; бір-біріне құрметтеуді, белсенді, әдепті болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу және сөздік жұмыс, тақпақты мәнерлеп оқу, тақпақтың мазмұны бойынша үзінділерді жаттау жаттығуы, тақпақтың мазмұнын пысықтау диалог жаттығулары, артикуляциялық жаттығу, көркемсөз, тақпақты мнемокесте негізінде қайта мәнерлеп оқу, пантомима негізінде сөздік жаттығу, тақпақты жатқа айту және мазмұнын сахналау жаттығуы, зейінге жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Жалдыбайдың «Қара жорға» атты күйінің аудиожазбасы.<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш.<br>Төрт түлік малдың, жайлауда жайылып жүргені туралы мазмұнды сурет.<br>Төрт түлік малдың көрнекілік суреттері: түйе, жылқы, қой, сиыр.<br>З, Қ, О, Ш әріптерінің көрнекі суреттері.<br>Орташа ырғақты әуенжазба.<br>Төрт түлік мал туралы тақпақтың мазмұнына сай | сурет салу амалдарын көрсету, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге тақта, көрсеткіш. Жайлауда малдың жайылып жүргені туралы сурет. Құлыншақтың шауып келгені туралы бейнежазба немесе суретшінің тұлпарды салған суреті (картинасы). Таза қағаздың беті, түрлі-түсті қарындаштар. Құлыншақтың қарындашпен салынған сурет үлгісі. Сопақша мен дөңгелектерден және басқа да дене бөлшектерінен құрастырылған құлыншақтың көрнекі бейнесі. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. «Құлыншақ» атты әннің әуенжазбасы.<br>Құлыншақтың суретін салу кезеңдері:<br>- дөңгелек басы;<br>- басы мен сопақша мойыны;<br>- басы, мойны, денесі;<br>- денесіне қосылып | Ой-қиял сәті, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан жылғадан ағып жатқан судың бейнебаянын көрсету, пысықтау, "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Интербелсенді тақта, жылғадан ағып жатқан судың бейнебаяны, су туралы слайдтар немесе мазмұнды суреттер; судың қасиеттерін топтауға арналған суреттер, су құйылған ыдыстар, бес тиындық теңгелер мен жеңіл пластмасс шариктер, екі леген, сарқырама бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Қызғалдақ гүлін жабыстырайық<br>мақсаты<br>Балаларға қағазды бүктеу әдісі арқылы гүлдің басын, гүлдің сабағы мен жапырағын қағаз бетіне жапсырып, қызғалдақ гүлін құрастыруды үйрету; гүл және оның құрылымы туралы мәлімет бере отырып, гүлдерді күтуге, жұлмауға тәрбиелеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; өз-өздеріне баға беру дағдыларын дамыту; шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отырып, достыққа, көмек көрсетуге тәрбиелеу. | СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Техника және біз», «пойызға арттым жалғыз қауырсынды...»,«тар та алмай тепловоз ауырсынды...», «тышқанға қоса тіркеп беріп едім...», «жүйткиді әлгі пойыз дауыл сынды» сөздері мен сөйлемдерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан өтірік өлең мазмұнына байланысты суреттер көрсету, өтірік өлеңді мәнерлеп оқу, өлеңдегі сөздерді қайталау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, өтірік өлеңнің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сызбалы мнемокесте.<br>1)<br>- жасыл шақпақ + аяқпен адымдау;<br>- төрт түлік мал + қолдың маңдайға тиіп тұрғаны;<br>- төрт түлік мал + қолдың маңдайға тиіп тұрғаны;<br>- тік тұрған адамның суреті + иықтарын көтерген адамның суреті.<br>2)<br>- түйе + құм үстінде кеме;<br>- О әрпі + тік тұрған адамның суреті;<br>- О әрпі + тік тұрған адамның суреті;<br>- тау + жол + таудың шыңы.<br>3)<br>- жылқы + тік тұрған адамның суреті+ екі қолмен амандасу;<br>- Қ әрпі + қара көздің суреті;<br>- Қ әрпі + қара көздің суреті;<br>- төмен майысқан ағаш + көрсеткі + жылқы.<br>4)<br>- қой + жол + екі алақан қырымен қосылып тұр;<br>- Ш әрпі + өңтаңба (еркелеу);<br>- Ш әрпі + өңтаңба (еркелеу);<br>- үстел + шапалақ соққан алақандар.<br>5)<br>- сиыр + гүлдер + бас бармақ жоғары;<br>- З әрпі + қара нүкте;<br>- З әрпі + қара нүкте;<br>- малға қоршау + сұқ саусақ жоғары.<br>6) | салынған аяқтары;<br>- құлыншақтың барлық дене бөлшектері бар толық бейнесі;<br>- құлыншақтың қарындашпен боялған бейнесі.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педагогтың жоспары бойынша<br>. | Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «көктем», «гүлдер», «қызғалдақ», «қағазды бүктеу» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Себетке толы гүлдердің суреті, кейіпкер Дана , қызғалдақ гүлінің дайын үлгісі, гүл сабағының қиылған үлгісі, жасыл түсті екі шаршы, қызыл түсті шаршы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, майлық және гүлді орналастыру үшін ақ қағаз қайшы.<br>**2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**<br>Бала санына сәйкес гүл сабағының қиылған үлгісі, жасыл түсті екі шаршы, қызыл түсті шаршы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, майлық және гүлді орналастыру үшін ақ қағаз, | мазмұнына байланысты суреттер; пойыз билеті.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Пойыз бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - қосылған екі алақан + иық көтерген адамның суреті + шапалақтау;<br>- төрт түлік мал + сұрақ белгісі;<br>- төрт түлік мал + сұрақ белгісі;<br>- сұқ саусақ жоғары + смайл.<br>Bilimland Kids «Сәлем! Сәлем!» бейнеролигі.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагогтің жоспары бойынша | | қайшы.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Дене щынықтыру**<br>Педагогтың жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | **№13**<br>**Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Көк орманда көп ағаш.<br>Өскен жақсы аралас.<br>Ең әдемі меніңше<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен | **№14**<br>**Ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Бұл не?<br>(Ағаш)<br>Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,<br>Қыста жатсаң – жанын рахат табады. (Ағаш)<br>**Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға | **№15**<br>**Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақ.<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кеңелді,<br>Бүршік атып бар ... (Ағаш)<br>Тақпақ.<br>Алма ағаштың құшағы –<br>Қанат жайған бұтағы.<br>Жапырағы жүрегі,<br>Бұтақтары білегі.<br>**Бақылау.**<br>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету.<br>Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен | **№16**<br>**Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Гүлдерге толы ауламыз,<br>Біз өсеміз, толамыз.<br>Бәріміз де ер жетіп,<br>Үлкен жігіт боламыз.<br>**Бақылау.**<br>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. **Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене шынықтыру)** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. **Еңбек.** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. | тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру. **Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене шынықтыру)** Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу,ептілікке баулу. **Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** «Доппен ойнаймыз». | білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру)** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Еңбек. (еңбек дағдылары)** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөліс е білуге дағдыландыру. | Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бүрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықты**ру) | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | Желі рөлді ойын «Сайықмазақ» | Фудбол үйірмесі Педагогтың жоспары бойынша | Би үйренеміз Педагогтің жоспары бойынша | Қауіпсіздік «Баспалдақтан сырғанама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Кошербай Нуртас шығармалардың, ертегілердің қызықты | Иса Айзада өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды: | Есенғали Бақдәулет жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, | Сапарбек Ернар рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үзінділерін қайталап айтады: | | жұмысты ұқыптылықпен орындайды: | танытады. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | №13 | №14 | №15 | №16 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу. | Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау. |

Тексерген________________